


ЖШС «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы»

Бекітемін

ЖШС «Нарымбет ата» бөбекжай-бақшасы
менгерушісі  А.Б. Джемболова

Түркістан облысы

Сайрам ауданының Теспе ауылы

ЖШС «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы»

өзін-өзі бағалау

2025 жыл

28

ЖШС «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы»

Бұйрық №5

Теспе ауылы

Түркістан облысы Сайрам ауданы Теспе ауылы «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктесінің 2025 жылдың наурыз айының өзін-өзі бағалаудан өткізуге байланысты

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Түркістан облысы білім басқармасының Сайрам ауданының білім бөліміне қарасты «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы» Ж Қалыбеков көшесі №17 ғимаратта орналасқан «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

2. «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы Түркістан облысы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің хатын басшылыққа ала отырып Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабының 4-1 тармағына сәйкес мемлекеттік аттестаттауды өткізуге байланысты өзін өзі бағалау мақсатында комиссия құрамы бекітілсін.

Комиссия төрайымы: Джамболова А Б - меңгеруші

Мүшелері: Жұмабек Л К - әдіскер
Жақсылық Г Ж - тәрбиеші
Асқарова Л Ж - тәрбиеші
Түгелбай Б Е - тәрбиеші

Хатшы: Абдуманап М Б - тәрбиеші

3. Бөбекжай бақшаның өзін өзі бағалау бойынша құжаттары әзірленсін.

4. Құжаттар топтамасы Түркістан облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне жолдансын.

5. Құжаттарды әзірлеу жауапкершілігі : Әдіскер Л Жұмабекке жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын өз құзырыма қалдырамын

ЖШС «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасының

меңгерушісі:

Джамболова А Б.

Бұйрықпен таныстырылды

Жұмабек Л К - әдіскер
Жақсылық Г Ж - тәрбиеші
Асқарова Л Ж - тәрбиеші
Түгелбай Б Е - тәрбиеші
Абдуманап М Б - тәрбиеші

Хатшы:

3

**Сайрам ауданының білім бөлімінің
ЖШС «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы
өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы есебі**

Теспе ауылы

2025 жыл

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 137 бабы 5 тармағына сәйкес «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 Заңының 59-бабының 4.1 тармағына сәйкес Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес осы жылдың наурыз айының ЖШС «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасында өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалауды бөбекжай бақшасының 2025 жылғы № 20 бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

Комиссия төрайымы: Джамболова Алия Базарбаевна - меңгеруші

Мүшелері: Жұмабек Ләззат Керімбайқызы- әдіскер
Жақсылық Гүлнұр Жүрсінбекқызы- тәрбиеші
Асқарова Ләззат Жаңбырбайқызы-тәрбиеші
Тугелбаева Балнұр Ергешовна- тәрбиеші

Хатшы: Абдуманап Маржан Бақытбекқызы-тәрбиеші

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

ЖШС «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасының 2022-2023 оқу жылы, 2023-2024 оқу жылы және 2024-2025 оқу жылының наурыз айына дейінгі оқу-процесін зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау қортындысын ұсынады.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	Түркістан облысы Сайрам ауданының білім бөлімі ЖШС «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен – жайы және нақты орналасқан жерінің мекен - жайы)	Түркістан облысы Сайрам ауданы Теспе ауылы Ж Қалыбеков көшесі №17 ғимарат
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, вебсайт)	Ұялы телефон: 8778-537-66-16 электронды поштасы: narymbet@mail.ru Ресми сайты: https://narymbet-ata-edu.kz/
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Джамболова АлияБазарбаевна Түркістан облысы Сайрам ауданы Теспе ауылы ЖШС«Нарымбет ата» бөбекжай-бақшасы 2013 жылы 2 желтоқсанның №1 бұйрық бойынша меңгеруші лауазымына тағайындалған. https://narymbet-ata-edu.kz/ ресми интернет-ресурста орналастырылды.
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	«Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігінің Жарғысының берілген күні-23.08..2023ж. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама Түркістан облысының Әділет департаменті Әділет басқармасымен жылғы 31 шілдеде берілген. Мемлекеттік қайта тіркеу күні- 2023жыл. БСН: – 131140017214 https://narymbet-ata-edu.kz/ ресми интернет-ресурста орналастырылды.
6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	Түркістан облысы Сайрам ауданы Ақсукент ауылы Нарымбет ата» бөбекжай-бақшасы» жеке мекемесінің қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны. https://narymbet-ata-edu.kz/ ресми интернет-ресурста орналастырылды.

7	Құрылған жылы	2013 жыл
8	Типтік ғимарат	Бір қабатты ыңғайластырылған типте
9	Топтар саны	3 топ
10	Балаларды оқыту тілі	Қазақ тілі
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
12	Ауысым саны	Тәрбиешілер: I ауысым; II ауысым
13	МДҰ – ның жобалық әлеуеті	Балабақша орны 75 балаға арналған. Түркістан облысы Сайрам ауданы Теспе ауылы «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы Құжаттар көшірмесі https://narymbet-ata-edu.kz/ ресми интернет желісінде орналастырылды.

«Нарымбет ата» бөбекжай бақшасының өзіндік бағалау 2025 жылы наурыз айының аралығында өтілді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының аттестациядан өтетін мерзімі 2024-2025 оқу жылының наурыз айы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" бойынша санитарлық қағидалары мен нормаларын басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды.

Түркістан облысы Сайрам ауданы Теспе ауылы ЖШС «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы 1 қабатты ыңғайластырылған типтегі ғимарат, қолданысқа 2014 жылы берілген. Қазіргі таңда бөбекжай-бақшада 3 топ - қазақ тілінде тәрбие алады. Тізім бойынша - 75 бала тәрбиеленуде. Әрбір топтың өзіндік жеке демалатын, ойнайтын, тамақтанатын, жуынып шайынатын бөлмелері бар. Бөбекжа бақшаның жұмыс уақыты: 5 күндік жұмыс күні, сағат 8:00-ден 18:00-ге дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі. Балалар үшін музыка залы, медициналық кабинет, әдістемелік кабинет, ашық спорт алаңы бар. Барлық топтар заман талабына сай, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып безендіріліп, жабдықталған. Сондай-ақ музыка, медициналық бөлме, асхана, тамақтану, ыдыс жуатын, кір жуатын, кір үтіктейтін бөлмелері мен топ әжетханалары жыл бойы қызмет көрсетеді. Жылу жүйесі, кәріз жүйелері автономды. Су орталықтандырылған. Бөбекжай бақшасында өрт-дабыл түймешесінің автоматты хабарлау жүйесі оның ішінде ішкі дыбыстық хабарлау жүйесі және бейне камералармен жабдықталған. Бөбекжай бақшада медициналық кабинет жұмыс жасайды. Медициналық кабинетте ем-шара бөлмесі, оқшаулау бөлмесі, санитарлық қағидаларға сәйкес құрал-сайман жабдықтармен жабдықталған. Балабақша ауласы көгалдандырылған.

Педагогикалық ұжым Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздың №348 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын (2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша) басшылыққа алып ұйымдастырылды.

Бөбекжай бақшадағы білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму деңгейі туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында, аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында). Тәрбиешілер баланың біліміне есеп беріп отырады.

Бөбекжай бақшада халық педагогикасы элементтерін ұлттық тәрбиеде жүйелі түрде кеңінен пайдаланады. Халқымыздың ауыз әдебиетін, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін түсіндіре отырып, имандылық, әдептілік, елді, жерді сүю, ата-ананы сыйлау т.б халқымызға тән адамгершілікке тәрбиелеу барысында жұмыс жүргізіледі.

Бөбекжай топтарында баланы тілдік-танымдық әлеуметтік жеке тұлғалық, ұлттық ата-дәстүр, көркемдік-эстетикалық, дене шынықтыру сияқты негізгі бағыттар бойынша дамытуды қамтамасыз ететін тақырыптық-кеңістік орталар толық қамтылған. Мысалы: дамыту ойыншықтар жиынтығы, «Ұлттық бұрыш», «Табиғат бұрышы», «Денсаулық бұрышы», «Сенсорлық дамыту орталығы», «Балалар әдебиетінің кітап бұрышы», «Балалар шығармашылығының бұрышы» сонымен қатар бөбекжай-бақшада «Балабақша тынысы» атты альбом арналған.

Балалардың ойлау қабілетін, шығармашылығын жан-жақты дамыту үшін психологиялық тренингтер, жобалау, әңгімелесу әдістері қолданылады. Балалар үшін оқулықтар, дидактикалық құралдар жеткілікті. Дамытушы ойындар, мазмұнды-рөлдік ойындар, ұлттық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын, шығармашылығын дамытып отырамыз. Бөбекжай-бақшаның медициналық бөлмесі керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Күн тәртібі және балалардың тамақтану барысы жүйелі сақталған. Жұқпалы аурулардан сақтану, болдырмау шаралары және сауықтыру-шынықтыру жұмысы жоспарлы жүргізілуде. Емдік жұмыстары дәрігердің нұсқаулығымен жүргізіледі.

Балалар балабақшаға төмендегі құжаттар бойынша қабылданады:

1. Бала денсаулық паспорты
2. Эпидемиологиялық анықтама
3. Форма №63, №26 түрлері
4. Балабақшаға жолдамалары
5. Туу туралы куәліктің көшірмесі
6. Ата-аналарының жеке куәлік көшірмесі
7. Ата-аналармен келісім шарты.

Бөбекжай бақшада тиянақты жұмысты жақсартуда педагогикалық ұжыммен ата-аналар комитетінің жұмысы жоспарлы түрде жүргізіледі сонымен қатар бөбекжай бақшасында «Ата-аналарға арналған кеңестер пункті» жұмыс жасайды. Сондай-ақ балабақшада ата-аналармен мектепке дейінгі мекеме арасында төлемақыға байланысты келісім-шарт жасалынған. Келісім-шарттың мақсаты: Ата-аналармен бөбекжай бақшаның арасындағы байланысты анықтау және балаларды тәрбиелеу, оқыту, денсаулығын қадағалап отыруды реттеу.

ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жалпыға міндетті стандартын, «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Занды және Жарғысын басшылыққа ала отырып, бір жағынан ЖШС «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы, екінші жағынан ата-ана осы келісім шартқа қол қояды.

Келісім-шарт төмендегідей бөлімдерді құрайды:

1. Жалпыға жағдай;
 2. Келісім шарт мәні;
 3. МДҰ құқықтары мен міндеттері;
 4. Отбасының құқықтары мен міндеттері;
 5. Төлемақы тәртібі мен мөлшері:
- Топтарда бір күндік төлем ақы – 1-3 жас дейінгілерге-560 (бес жүз алпыс) теңге, 3-5 жастан жоғарыларға-680 (алты жүз сексен) теңгені құрайды.

ЖШС «Нарымбет ата» бөбекжай бақшасының ұжымының жеке іс-топтамасында барлық қажетті құжаттар (жеке іс-қағазы фотосуретімен, өмірбаяны, диплом көшірмесі, еңбек шарты, біліктілік дәрежесінің куәлігі, жеке куәлігінің көшірмесі, дәрігерлік-әлеуметтік саулық наркологиялық орталықтан анықтама, психикалық сауықтыру орталығынан анықтама, зейнетақымен қамсызданумен келісім шарт (көшірме), зейнетақы қорымен түзілген шарт, түрлі газет-журналдарға мақалалар жариялаған сертификаттары) жинақталған. Тәрбиешілердің және қызметкерлердің жеке еңбек кітапшасы мен жеке іс-құжаттары сейфте сақталады. Бөбекжай-бақшаның барлық қызметкерлерімен әр уақытта техникалық қауіпсіздік жөнінде нұсқаулар өткізіліп, тиісті нұсқаулық журналдарына тіркеліп отырады. Бөбекжай-бақшаның қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерімен және мекеменің ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылған. Педагог мамандарды тіркеп отыратын кітап және бұйрық кітабы бар. Бұйрық кітабы мемлекеттік қазақ тілінде жүргізіледі. Құжаттарды тіркеу және қайтарып беру жұмыстары қатаң түрде жүргізіліп отырады. Мамандарды толықтыру, сапалық құрамының құжаттары мен сандық құрамына талдау жұмыстары жүргізілуде. Мектепке дейінгі ұжым педагогикалық мамандармен толық қамтылған. Өзіндік бағалау барысында ұйымның ішкі тәртібінің іс-әрекеттерін анықтайтын құрылтайшы құжаттардың бар екендігі тексерілді.

2.Кадрлық құрамы туралы мәлімет.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары сақталған. Тиісті бейін бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтар туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтар туралы мәліметтер.

Оқу жылы	Педагог саны	Жоғары				Арнаулы-орта			
		Мектепке дейінгі	%	Педагогикалық	%	Мектепке дейінгі	%	Педагогикалық	%
2023-2024	9	1	100 %		25%	8	-	-	-

Тәрбиешілер мен педагогтарды базалық білімі туралы мәлімет

Жылы	Білім беру ережесіне сәйкес келетін базалық білімі бар педагогтар	Білім беру ережесіне сәйкес келетін базалық білімі жоқ педагогтар
2023-2024	9	-

Қайта даярлық курсынан өтуі туралы мәлімет

2022-2023 оқу жылында 6 педагог қайта даярлау курсынан өтті.

Педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаттар көшірмесі
<https://narymbet-ata-edu.kz/> ресми интернет желісінде орналастырылды.

Біліктілік арттыру курсынан өтуі туралы мәлімет

2022-2023 оқу жылында 1 педагог, 2023-2024 оқу жылында 6 педагог. Қалған 2 педагог алдағы 2024-2025 оқу жылында біліктілік арттыру курсынан өткізу жоспарлануда.

«Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 27.12.2022 жылғы №12 бұйрығының №2 қосымшасы бойынша 2023-2024 оқу жылына педагог кадрлар мен жасақталғандығы туралы мәліметтер қоса берілді және көшірмесі
<https://narymbet-ata-edu.kz/> ресми интернет желісінде жарияланды.

2023-2024 оқу жылдарының сапалық құрамы мен тәрбиешілер мен оқыту бойынша кәсіби қызметі жүзеге асыратын педагогтар дипломдарының көшірмелері PDF форматта сканерленген нұсқада қоса берілді.

3.Тәрбиеленушілер контингенті.

2023-2024 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы негізінде жасақталып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы 1-қосымшасы, Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми әдістемелік кеңесінің 2022жылғы 26 шілдедегі №7хаттамасы) негізінде құрылды және ұйымдастырылған іс-әрекеттер сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары сақталған.

«Нарымбет ата» бөбекжай бақшасында 3 топ бойынша 75 бала тәрбиеленуде.

Жас ерекшеліктеріне қарай төмендегідей топтарға бөлінген:

- 1.«Балдырған» ортаңғы тобы (3 жастан бастап)- 25 бала
2. «Балапан» ортаңғы тобы (3 жастан бастап)- 25 бала
3. «Балбөбек» ерексек тобы (4 жастан бастап)- 25 бала

«Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 27.12.2022жылғы №12 бұйрығының №3 қосымшасы бойынша 2023-2024 оқу жылына тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы туралы тізімдерінің көшірмелері) <https://narymbet-ata-edu.kz/> ресми интернет ресурсына жүктелді.

«Нарымбет ата» бөбекжай бақшасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер жоқ өйткені мүмкіндігі шектеулі балалар жоқ. Дегенмен бөбекжайда инклюзивті білім беруге төмендегідей жағдай жасалған. Білім беру ұйымдары ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларға жағдай жасауды қамтамасыз ету барысында бөбекжайға кіру арнайы жабдықтармен яғни пандус, кіру алаңында және тайғанамайтын кіреберістің бар болуы, бөбекжайға қол жетімділік белгісін орнату және бөбекжайдағы қозғалыс белгілері: баспалдақтың астында, марштың алдында рельеф жолақшасы бар.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс:

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына;

«Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарына, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Бұдан әрі-үлгілік оқу жоспарлары); «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына «Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізімінде №14235 болып тіркелген» (бұдан әрі үлгілік оқу бағдарламасы), санитарлық қағидаларды басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды.

Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты бөбекжай-бақшадағы білім беру процесінің тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі құжат болып табылады.

Үлгілік оқу жоспары жас топтары бойынша бір аптадағы ұйымдастырылған іс-әрекетінің тізімін, көлемін, ұзақтығын реттейтін құжат.

Оқу жасының жүктемесі санитарлық-гигиеналық нормалармен құқықтарға сәйкес келеді. Оқу жоспарының мақсаты 3 жастан бастап мектепке қабылданғанға дейінгі балалары бар топтарға ұйымдастырылған іс-әрекетінің жалпы көлемін бөлу және реттеу. Оқу жоспарының негізгі міндеті бөбекжай-бақшада педагогикалық процесті нақты ұйымдастыру, балалар мен педагогтарға нормативтік жүктемені ұтымды бөліп беру.

Оқу жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығының 1 қосымшасында қамтамасыз етілген.

Оқу жұмыс жоспары негізінде жас бойынша преспективалық жоспарлар, балалардың тіршілік әрекетінің ұйымдастыру циклограммалары әзірленген, жоспарды іске асыру іс-әрекетін ұйымдастыруда әр түрлі әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады топтармен, жеке-жеке, жүйпен жұмыс, балалардың жеке жас

ерекшеліктеріне қарай сондай-ақ бағдарламалық материалдың күрделілігіне байланысты қолданылады. Бөбекжай-бақшасының жылдық жұмыс жоспары бөбекжай-бақшаның басқару құралы болып табылады. Бөбекжай бақшаның 2022-2025 оқу жылдары аралығында білім беру процесіндегі проблемаларды шешу жөніндегі нақты іс – шаралар, тәрбиешілердің кәсіби өсуіне әдістемелік қолдау көрсету, педагогтардың жұмыс тәжірибесін қалыптастыру жүйесі, білім беру сапасын арттыру мақсатында инновацияларды енгізу қарастырылған.

Жылдық жұмыс жоспарының негізгі міндеттерінде:

Бөбекжай бақшадағы балаларды тәрбиелеу, дамыту және денсаулық мәселелері бойынша шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету.

Іс шараларды өткізу, олардың орындалу мерзімдерін және жауапты мамандарды анықтап бекіту.

Ұжым мүшелерінің жауапкершілігімен тәртіптілігін қадағалау көрсетілген.

Жылдық жоспарда балалардың контингенті, түзету жұмысы, тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы, мектепте оқытуға дайындық деңгейі, педагогтардың біліктілігін арттыру және аттестаттау нәтижелері; ата-аналармен жұмыс жүйесі қарастырылған. Өткен оқу жылындағы жұмыстардың талдауы қамтылған.

Жылдық жұмыс жоспары бөбекжай-бақша педагогтарына жалпы білім беру жұмысының тиімді жоспарлануы ойластырылған. Сондықтан олар оқу жылына арналған перспективалық жоспарды, күн тәртібінде балалардың өмірін ұйымдастырудың циклограммаларын жасауға толық жауапкершілікпен қарайды. Мектепке дейінгі ұйымдағы барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті бөбекжай бақшаларына арналған СанЕмН 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ -59 бұйрығы, Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1 қосымша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленіп, оқу жұмыс жоспары құрылған.

Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу-жоспарларының көшірмелері <https://narymbet-ata-edu.kz/> ресми интернет ресурсына жүктелді.

Бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар мен циклограмма <https://narymbet-ata-edu.kz/> ресми интернет ресурсына жүктелді.

«Нарымбет ата» бөбекжай бақшасы» 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында бөбекжай бақша қызметкерлері балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көптеген жетістіктерге жетті. Ұйымының жылдық жұмыс жоспарында көрсетілген күнделікті ұйымдастырылатын іс-әрекеттер, балалардың физикалық қасиеттерін, коммуникативтік дағдыларын, танымдық және зияткерлік дағдыларын, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамыту бойынша жұмыстар және балаларды мектепке сапалы даярлау талапқа сай жасалған.

Мектепке дейінгі ұйымда білім және тәрбие беру үрдісі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 3тамыздың №348 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша) сәйкес ұйымдастырылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын қолдану барысы балалардың денсаулықты сақтау, тілдік коммуникативтік, танымдылық, шығармашылық және әлеуметтік құзіреттілігінің дамуына бағытталған.

Жылдық міндеттемелер

Оқу жылдары	Жылдық міндеттемелер
2022-2023	1.Балалардың өмірі мен денсаулығын нығайту,салауатты өмір салтын қалыптастыру; 2.Көркем шығармалар қойылымдары мен логикалық ойындар арқылы балалардың шығармашылық танымдық қабілеттерін дамыту үшін жүйелі жұмыстар жүргізу. 3.Бөбекжайда ата-аналармен педагогтар ынтымақтастықты дамыту, тығыз қарым қатынас орнату.
2023-2024	1. Адамгершілік тәрбие негізін қалау, әсемдікке еліктету. 2. Барлық іс-әрекет түрлерінде баланың танымдылығын арттыру, шығармашылыққа тәрбиелеу. 3. Балалар мен педагогтердің салауатты өмір салтын қалыптастыру және денсаулықтарын сақтау.
2024-2025	1. Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру. 2. Балалардың өмірін және денсаулығын қорғау. 3. Тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау. 4. Отандық дамытушы құралдармен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. 5. Сапалы мектепалды даярлауды қамтамасыз ету. 6. Азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, қоршаған табиғатқа, отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, тәрбиелеу. 7. Ұлттық мәдениет жайлы түсініктерін кеңейту.

Мектепке дейінгі ұйым мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында атап өткендей, білім беру бағдарламаларының вариативтілігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу, әрбір баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашуға қолайлы жағдайлар жасау барысында инновациялық әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану жеткіншек ұрпақтың саналы да, сапалы білім алуының бірден-бір шарты болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы аттестаттау екі кезеңнен тұрады: бірінші кезең – өзін-өзі бағалау, екінші кезең – аттестаттау комиссиясының жұмысы. Алғашқы бағалау мектепке дейінгі ұйымда әкімшілік қызметкерлерімен іске асырылады. Өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар іске асырылды: топтардың жалпы жағдайын бақылау, ата-аналармен сауалнамалар жүргізу, құжаттарды талдау. Өзін-өзі бағалаудың ең негізгісі топтардың жалпы жағдайын бақылау арқылы іске асырылды. Өзін-өзі бағалау барысында күн тәртібі сақталып, тәрбиешілер мен мамандар балалармен оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында дамытушы, дидактикалық, логикалық ойындарды, ойын әдіс-тәсілдері мен ойын жаттығуларды кеңінен қолданды. Балабақшамызда педагог-мамандардың кәсіби шеберліктерін дамытуға, шындауға бағытталған іс-шаралар (педагогикалық кеңестер, ашық қызметтері, ашық іс-әрекеттері, семинар, кеңес, тренингтер) жоспарға сай өткізіледі.

2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарының мақсат міндеті бойынша: бөбекжай-бақшада балалардың жекелеген қабілеттерін ұштай отырып, сапалы білім беру балалардың өмірі мен денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру болатын.

Педагогтермен осы жылдың мақсат міндеттемелерін іске асыру барысында мектеп жасына дейінгі балалар мен түрлі эстафеталық ойындар, ойын-сауық, жарыстар, ұлттық ойындар, отбасылық сайыстар, денсаулық күндері жоспар бойынша өткізіліп тұрған. Мерекелік ертеңгіліктер, ұйымдастырылған ашық оқу қызметтері, ата-аналар мен бірлескен іс-шаралар сурет салудан байқаулар өз деңгейінде жоспар бойынша өткізіліп отырылған.

Атап айтатын болсақ «Білім күні» мерекелік іс-шарасы, «Балапан» ортаңғы тобында «Берекелі Алтын күз», «Балбөбек» ересек тобында, «Тәуелсіздік тірегім», 1 желтоқсан «Менің тұңғыш Президентім», 16 желтоқсан Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Менің Отаным Қазақстан», Жаңа жыл мерекесіне орай «Жасыл шырша жанында» атты ертеңгіліктер өтілген, «Балбөбек» ересек тобы «Аналар-асыл қазынам», 1 мамыр- «Ынтымақ күні» мерекесіне орай- «Достығымыз, бірлігіміз жарасқан балдырғанбыз!», «Балдырған» ортаңғы тобында «Ұлы Жеңіс жасасын!», «Балбөбек» ересек топ «Қош бол, балабақшам!» атты мерекелік ертеңгіліктер өтілген.

«Балбөбек» ересек топ «Құстар біздің досымыз», «Балдырған» ортаңғы тобында «Құстар әлеміне саяхат» «Балапан» ортаңғы тобында «Күзгі табиғат» атты ашық оқу қызметтері өтілген.

«Денсаулық» күні іс-шарасына ата-аналардың қатысуымен «Алға балақай!», «Менің тату отбасым», «Епті бол» эстафеталық жарыстар өтілді. «Сүйіспеншілік-өмір негізі» өзін-өзі тану апталығы «Өрт-бала көзімен», «Қызыл, сары, жасыл», «Үздік дамытушы орта» атты сурет және фотосурет көрмесі, ересек, мектепалды даярлық топтарда ашық есік күндері ұйымдастырылған. «Көктем аруы» атты байқау мектепалды даярлық топтарда ұйымдастырылған. Жылдық жоспарға сай режимдік сәттер, денсаулық күндері, дене шынықтыру сауық-кештері, дене шынықтыру мерекелері уақытылы өтілген. Бөбекжай-бақшадағы дене тәрбиесінде халық педагогикасының элементтері пайдаланылып, ұлттық ойындар ойнауға балалардың қызығушылықтыры арттырылып отырылған.

Жылдық жоспарға сай мерекелік ертеңгіліктер, ашық оқу қызметтері, спорттық іс-шаралар жоғары деңгейде өтілген.

«Таным» білім беру саласы бойынша бағдарламалық талаптарға сәйкес балалардың білім деңгейлері салыстырмалы көрсеткіш бойынша көрсетілген. Педагогтар балаларға санау дағдыларын, геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыруды, кеңістікті және уақытты бағдарлауды, құрылыс, табиғи және қалдық материалдар мен конструктордың бөліктерінен құрастыруды, тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары жөнінде білімдерін дамытып, меңгертіп отырған.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша балалар сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын, топпен жұмыс істей білуді, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды, өнер түрлері туралы қарапайым ұғымдарды, тәрбиеленушілердің жеке шығармашылық іс-әрекетін іске асыруды меңгерген.

«Әлеумет» білім беру саласы бойынша балалар әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын игеруді, қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруді, баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін, оларға құрметпен қарауды, дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасына жақындық сезімін, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыруды, қазақ халқының, сондай-ақ басқа халықтардың тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеуді, туған жер туралы туралы түсініктерін кеңейтуді, еңбек түрлері мен түрлі мамандық иелеріне қызығушылықты қалыптастыруды үйренген.

2023-2024 оқу жылында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізілгендіктен, осы оқу жылындағы перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздың №348 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша) негізінде жасалып, толықтырылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер күні бойы жүргізіліп, балалардың физикалық қасиеттерін, коммуникативтік дағдыларын, танымдық және зияткерлік дағдыларын, шығармашылық, зерттеу іс-әрекетін, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыруда жұмыстар жүргізілді.

Осы жылдың мақсат міндеттері: Жан-жақты дамыған сезімі жоғары, ортаға бейім және сау азаматтың құзіреттілігін қалыптастыру және тәрбиелеу, адамгершілікке тәрбие негізін қалау, барлық іс-әрекет түрлерінде баланың танымдылығын арттыру, шығармашылыққа баулу, балалар мен педагогтардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және денсаулықтарын сақтау болатын.

Балалар мен педагогтардың салауатты өмір салтын қалыптастыру және денсаулықтарын сақтау мақсатында балалармен сонымен қатар ата-аналармен бірлескен түрде жұмыстар жүргізілді. Балалардың бойында адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу, өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың маңыздылығын түсініп, қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеуге, қазақ халқының құндылықтарына құрмет танытуға жағдайлар жасап, күнделікті өмірде осы дағдыларды қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік жасалды.

Жылдық жоспарға сай мерекелік ертеңгіліктер мен ата-аналармен бірлескен іс-шаралар, жарыстар, көрмелер, саяхаттар уақытылы өткізіліп отырылды.

1 қыркүйек -«Білім күні» мерекесі, Тілдер апталығына орай- «Тілдер күні» мерекесі атты салтанатты мереке ұйымдастырылды. «Қош келдің ,Алтын күз!» атты мерекелік ертеңгілігі ұйымдастырылып ата-аналармен «Күзгі бақшада» атты жәрмеңкесімен жалғасын тапты.«Балапан» ортаңғы тобында «Алғырлар мен тапқырлар» атты сайыс ұйымдастырылды. Ересек және ортаңғы тобында «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекелік ертеңгілігі өтті. Ата-аналармен бірлескен «Туған жерім менің» атты суреттер байқауы ұйымдастырылды. Барлық топтарда «Қош келдің, Жаңа жыл!» мерекелік ертеңгілігі өтті. «Аққала балаларда қонақта» ойын сауық іс-шарасы, «Ертегілер еліне саяхат» барлық топтарда ертегі сахналанды. Барлық топтар бойынша «Аналар күні» тақырыбында мерекелік ертеңгіліктер, 22 наурыз мерекесіне орай «Қош келдің ,Наурыз!» атты ертеңгіліктер өтілді. Музыка жетекшісінің ұйымдастырумен «Балбөбек»ересек тобында «Көктем аруы» байқауы, үйірме жетекшісінің басшылығымен «Көктем гүлдері», «Қазақтың ұлттық қол өнері» атты көрмелер ұйымдастырылды. Ересек, ортаңғы топтарда «Ағайынбыз бәріміз», «Жеңіс күні» мерекесіне байланысты ертеңгіліктер және «Балбөбек» ересек тобының «Балабақшамен қоштасу» мерекелік ертеңгілігі өтті.

Ата-анамен біркелікте «Анам және мен» атты ойын-сауық, «Анам, әжем және мен» ұлттық салт дәстүрлерге байланысты отбасылық байқау,ойындары ұйымдастырылды.

Жылдық жұмыс жоспарға сай мерекелік ертеңгіліктер, ашық іс-әрекеттері, спорттық іс-шаралар, байқаулар талапқа сай өтілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тиімділігі балалардың жағымды көңіл-күйіне байланысты. Оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижесі педагогикалық кеңесте және әдістемелік кеңесте қаралып отырылады.

2024-2025 оқу жылының негізгі мақсат, міндеттері

Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру. Балалардың өмірін және денсаулығын қорғау. Тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау.

Отандық дамытушы құралдармен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Сапалы мектепалды даярлауды қамтамасыз ету.

Азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, қоршаған табиғатқа, отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, тәрбиелеу. Ұлттық мәдениет жайлы түсініктерін кеңейту.

Тәрбиеленушілер салауатты өмір салтын ұстанады.

Тәрбиеленушілердің салт дәстүр, әдет ғұрып, ұлттық құндылықтарға мәдениетке және туған өлкенің бай мұрасына сүйіспеншілік артады.

Білім берудің сапасы артады, қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды меңгереді. Жаңартылған білім беру мазмұны арқылы сапалы тәрбие мен білім беруде инновациялық әдістер мен технологияларды енгізіп отырған.

Физикалық қасиеттерді дамыту дене шынықтыру және дене белсенділігі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ойын түрінде түрлі балалар әрекетіне жүзеге асырылды.

Тәрбиешілер денсаулық сақтау күзіреттілігін қалыптастыру, өз денсаулығына саналы көзқарасын қалыптастыру, қозғалыс белсенділігін дамыту бойынша іс-шараларын ұйымдастырып отырған.

Топтар бойынша балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға, ағзаның үйлесімді дамуы үшін жағдай жасалған. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени гигиеналық дағдыларды қалыптастырылған.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдылырын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы балалардың қызығушылықтарын ескере отырып күн сайын ойын түрінде түрлі балалар әрекетінде іске асырылып отырған.

Бөбекжай-бақша топтарында балаларды өнерге, шығармашылыққа баулу, мақсатында күнделікті іс-әрекеттерінде дамыту жұмыстары жүргізілген.

Ортаңғы, ересек, мектепалды даярлық топтарында балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, коммуникативтік дағдыларды, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, сауат ашу негіздері ұйымдастырылған іс әрекеттер арқылы ойын түрінде түрлі балалар әрекетінде күн сайын жүзеге асырылған.

Бөбекжай-бақша тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғы шарттарын қалыптастыру, ересектермен және балалармен еркін қарым қатынас жасау дағдылары жетілдірілген.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы күн сайын ойын түрінде балалардың түрлі әрекеттерінде іске асырылды. Балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдылары меңгертілді.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерінде күн сайын іске асырылады.

Тәрбиеленушілердің әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасы дәсүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдары қалыптасқан.

Балалардың туған жер туралы түсініктері, әр түрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауы қалыптасқан.
